

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Павлодар облысы Качир ауданы Песчан ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 10 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 қыркүйекте № 4682 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир ауданы Песчан ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир ауданы Песчан ауылдық округі әкімінің 29.02.2016 № 3 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Качир ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 178 ұсынысы негізінде **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Качир ауданы Песчан ауылдық округінің Песчан ауылындағы "Песчан асыл тұқымды орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аумағындағы ауыл шаруашылық малдардың лейкоз ауыру фактісі бойынша шектеулі іс-шаралар белгіленсін.

2. "Качир ауданының ветеринария бөлімі" (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Качир аудандық аумақтық инспекциясы" (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігі Павлодар облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті Качир аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелері анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринарлық-санитарлық ахуалды қамтамасыз ету үшін тиісті ветеринарлық-санитарлық іс-шараларды жүргізсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

"Качир ауданының
ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекемесі басшысының
міндетін атқарушы
2015 жылғы 14 тамыз

"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау
және қадағалау комитетінің
Качир аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

А. Жарелдинов

2015 жылғы 14 тамыз

"Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Тұтынушылардың құқықтарын
қорғау Комитеті Павлодар облысы
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау
Департаментінің Қашыр аудандық
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау басқармасы"

республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Т. Тыртықаев

2015 жылғы 14 тамыз